

# Мүркі әлемінің тендессіз тұлғасы

Адамзаттың ғарышқа жол ашқанына биыл 50 жыл толды. Ғарышты игеру қазақ жерінен басталды. Жеті қат көкке сапар шеккен тұңғыш адам алаштың азаматы болуы мүмкін еді. Әрине, жеріміз азат, халқымыз отарлықтың бұғауынан бос болғанда... Дегенмен, өткенге - салауат. Қазақ баласы да ғарышқа қадам басты. Осыдан 20 жыл бұрын. Еуразияны еркінше шеңгелдеген Кеңестер одағының құрамында болған республикалар тәуелсіздік шеруін бастаған кезде қазақ қыраны да томағасын сыпырды.

1991 жылғы 2 қазанда Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының тумасы Токтар Әубәкіров ғарышкер-зерттеуші ретінде кеме командирі А.Волков, Аустрия ғарышкері Ф.Фибекпен бірге «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғалам кеңістігіне көтерілді. Бір апта бойы «Мир» орбитальды кешенінде жұмыс істеп, ғарышта 7 тәулік 22 сағат 13 минут болған соң, 1991 жылғы 10 қазанда Токтар мен аустриялық Франц және А.Арцебарский «Союз Т-12» ғарыш кемесімен қайтып оралды. Осы ақпарат дүниені шарлап кеткенде киіз туырлықты жұртта бөркін аспанға атып қуанбаған жан жоқ шығар.

...Қазақтың ғарышкері туған жеріне тәу еткелі барады деген хабар естілгеннен-ақ Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) аудандық кеңесі (компартия маскара боп тараған соң бар билік соларға тиген) батырды қарсы алуға әзірлік жасады. Өйткені, Ботақара - Қарағандыдан Қарқаралыға баратын салқар жолдың үстіндегі ауыл. Жерге қырбақ қар түскен. 1991 жылғы күз маусымының соңын ала, таңертеңгі уақытта жатаған ғана Ботақара тауларын жалғастыратын белдің үстінде қарақұрым халық қаһарманын күтіп тұрған. Сүт пісірім уақыт өткенде облыстың жақсы-жайсаңдары шашбауын көтеріп, Токтар мен қосалқы ғарышкер Талғат Мұсабаев зайыптарымен жайғасқан сүліктей қара «Чайка» автомашинасын ортаға алған топ асудың қыр арқасына



тоқтады. Аудандық кеңестің төрағасы, жақсы шаруагер, өз ісіне мығым болғанымен көсіліп сөйлеуі кем түсіп жататын Рахатай Мәуенов (марқұмның топырағы торқа болсын) ағамыздың шешілгені сол жолы шығар. Аудан басшысы батырға ақ жол тілеп, ауыл ақсақалы бата бергеннен кейін таяу шаруашылықтардың бірінен жеткізілген құлажирен сәйгүлікті көлденең тартқан. Тоқаңды қолтығынан демей берген Рахат: «Аға сенікі, ұста аттың шылбырын, ертең газетіне дұрыс жаз» деп, таяу тұрған пақырыңызға зілсіз бұйрығын беріп те үлгерді. Бусанып тұрған күліктің шаужайынан ұстай тұрып, батырға жақын жерден бірінші рет бажайлап қарадым. Еңсегей бойлы, кең иықты, қоладан құйғандай сом тұлға дік етіп ер үстіне қона қалғанда қарсы алдыңда Тарлан атты Ер Тарғын тұрғандай кейіп береді. Сұлу да сұсты сурет санаға мәңгілік жазылып қалды. Кейінірек, Тоқаң Астананың жанындағы қонысында жылқы өсіріп, демалыс сағаттарында атқа

мініп жүргенді ұнатады деп естігенде көз алдыма сонау жылғы сурет елестеді.

Қазақтың тұңғыш ғарышкерімен тілдесу бақыты бұйырғаны бұдан көп кейін - 2005 жылдың жазы. Мәдидің туғанына 125 жыл толуына орай Қарқаралыда мерейтой шаралары басталған. Қазір әнші-композитордың есімін иеленіп отырған №44 мектеп-интернат ауласы думанға бөгіп жатқан кезде келді Токтар Әубәкіров тойшыл қауымның ортасына. Жиналғандарды, жалпы халық мерейін үстем ету жолында қызмет етіп жүрген жерлестерін Мәдидің өр рухы қолдасын деп тілек жұптаған батыр мерекелік концерт кезінде қуана қол соқты. Әсіресе, біртуар өнерпаз Амантай Бөдесов (Алла марқұмға иман байлығын берсін)

Мәдидің «Қаракесегін» шырқағанда, Тоқаң әншінің қатарына барып, қайырмасына келгенде қолдап, қоштап тұрды. Бірі қапсағай, граниттен қашап жасағандай зор, екіншісінің бойы ортадан аласа, бірақ шомбал қос арыстың қатар тұра қалған сәтінде өзгеше жарасым бар-ды.

Ұзақ уақыт қиыр қонып, шет жайлап жүрген Тоқанның мінез-құлқы мен іс-әрекетінен туған жер мен елге айрықша аңсар, оның тілі мен салт-дәстүріне, мәйекті мәдениетіне деген ерекше құштарлық андағайлап тұрады. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген халық даналығы қанына сіңген аға жан адамды жатсынбайды, бойына олқы көрмейді. Бәлен жылдан бері білетін байырғы танысындай емен-жарқын әңгімелесе жөнелгенде қарсы алдында дыбыстан жылдам ұшақты авиация тасымалдаушы кемеден трамплиндік тәсілмен самғатқан хас шеберлігі үшін Гиннестің рекордтар кітабына енген қаһарман генерал тұрғаны байқалмайды.

Кейіпкердің өз аузынан естілген бір

ақиқат бар - ғарышқа ұшуға дейін-ақ Кеңестер Одағының Батыры атағын иеленген, әлемдегі саусақпен санарлық сынақшы-ұшқыштар санатындағы (бұл мамандығын Тоқаң ғарышкерліктен әлдеқайда жоғары бағалайды) Токтар Әубәкіровке емес, қазаққа керек еді. Біз ешкімнен кем емеспіз, азаматы көк аспанға көтерілген халықпыз деп еңсе тіктеу үшін. Республика басшылығы осы уәжді алдыға тартып, ғарышқа ұшу қажет деп ұсыныс жасағанда, халық атынан жасалған тілектен бас тарта алмады. Келісім берді және жарты жылдан кейін 45 жасар жігіт ағасы тәуекел сапарға даяр болды. Тоқаң одан он..., он бес..., жиырма жыл бұрын әзір еді. Аумағында ғарыш айлағы орналасқан жергілікті халық заңдылықпен талап еткен тарихи оқиғаға тек өктем империя, Мәскеу дайындықсыз болатын.

Тумысынан жазмышқа, Тәңірінің мандайға жазғанына сенетін Тоқаң игерген бар білімі мен кәсіби шеберлігін, мандай терін төгіп атқарған еңбегі мен саясаткерлік тәжірибесін халқының игілігі жолына бағыштауда. Бірақ, Жаратушы бармақтай бақты таудай талабы бар жанға ғана жолдайтынын бала жасынан жадынан шығармады. Нұркен Әбдіров, Талғат Бигелдинов сияқты ұшқыш болу арманы орындалу үшін «Талапты ерге нұр жауар» деген даналыққа ден қойған ол 15 жасында парашютпен секірді, жыл өте ұшқыштар секциясында жаттығып, жұмыс істей жүріп, кешкі мектепте оқыды. Бәріне үлгерді. Нәтижесі, міне - бүкіл түркі әлемінің тендессіз Тұлғасы.

Қожырай бастаған түрік жұртын қайта түлетіп, Жер жүзі санасатын державаға айналдырған Ғазиз Мұстафа Кемал Ататүрік сонау 1926 жылы өсиет жазған екен: үшінші мыңжылдық табалдырығын аттаған кезде түркі тілдес халықтардың ішінен ең танымал тұлғаны анықтап, тарту жасаңдар деп. Таңдау қазақ арысы Токтар Оңғарбайұлына түсіпті. Үйінің төрінде ілінген, Ататүріктің алтын кенерелі, алтындатқан тұңғыш маркасы ең қымбат та қадірлі жәдігер. Түбі бір тұтас түркі дүниесінің түтіні түзу ұшуына тілегі оң Тоқанның. Дегенмен, «қарыстан сүйем жақын» - қазақ халқының бақыты бәрінен қымбат - ел тәуелсіздігінен екі ай бұрын ғарышқа барып, алашының азаттығына Алладан пәрмен алып келген арыс Атырау мен Алтай арасындағы алып кеңістік ынтымақ пен ырыстың бесігі болса екен деп тілейді. Ол өз тағдырын Отанының тарихымен тұтастыру үшін ортамызға оралды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ.